

**«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы**

2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың қорытындысы

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

### Мазмұны

	Бет
2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ	1
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ	2-8
2020 Жылғы 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК:	
Пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп	9
Өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	10
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	11
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	12
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	13-14
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер	15-80
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосымша ақпарат	81

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

### 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі

Басшылық «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының және оның еншілес кәсіпорнының (бірілесіп -«Топ») 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын шынайы көрсететін және тиісті пайда немесе залал, өзге де жиынтық залал, капиталдағы өзгерістер және осы күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептілікті дайындау үшін, сондай ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі-«ҚЕХС») сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікте (бұдан әрі-«шоғырландырылған қаржылық есептілік») есеп саясатының негізгі қағидаларын және өзге де ескертулерді ашып көрсету үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналарға жауапты болады:

- есеп саясатын дұрыс таңдау және қолдануды қамтамасыз ету;
- ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы осындай ақпараттың орындылығын, сенімділігін, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін деректерді ұсыну;
- ҚЕХС талаптарын орындау есептіліктің пайдаланушыларына қандай да 1 мәмілелердің, сондай ақ басқа оқиғалар мен жағдайлардың Топтың қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Топтың көз жетер болашақта қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сонымен қатар мыналарға да жауапты болады:

- Топта тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Компанияның мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай ақ кез келген уақытта Компанияның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдікпен ұсынуға және қаржылық есептіліктің ҚЕХС сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есепті жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Топтың активтерін қорғау үшін барлық ақылға қонымды шараларды қабылдау; және алаяқтық пен басқа да бұзушылықтарды анықтау және алдын алу.

2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ Басқармасы 2021 жылдың 28 сәуірінде бекітті.

#### Басқарма атынан:

/қолы/

**Лукьянов С.Н.**

Басқарма төрағасы

2021 жылғы 28 сәуір

Алматы қ-сы, Қазақстан

/қолы/

**Хон Т.Э.**

Бас есепші

2021 жылғы 28 сәуір

Алматы қ-сы, Қазақстан

«Фридом Финанс» акционерлік қоғамының акционері мен Директорлар кеңесіне:

**Пікір**

Біз «Фридом Финанс» акционерлік қоғамының және оның еншілес ұйымының (бұдан әрі-«Топ») 2020 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, пайда немесе залал туралы есептен, өзге де жиынтық залал туралы есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептен және сол күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай ақ есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша мазмұнын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертулерден тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қосымша берілген қаржылық есептілік 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына («ҚХЕС») сәйкес сол күнге аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылған ақша қаражаттарының қозғалысын барлық елеулі тұрғысынан әділ көрсетеді.

**Пікір білдіру үшін негіз**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Көрсетілген стандарттарға сәйкес біздің жауапкершіліктеріміз одан әрі біздің қорытындымыздың «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Кәсіби бухгалтерлерге арналған Бухгалтерлердің этикасының халықаралық стандарттары кеңесінің кодексіне («Кодекс») және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қатысты қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсізбіз және осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де этикалық міндеттерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болуға жеткілікті және орынды деп пайымдаймыз.

**Аудиттің түйінді мәселелері**

Аудиттің түйінді мәселелері біздің кәсіби пайымдауымызша, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер болып табылады. Бұл мәселелер біздің жалпы шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізген аудитіміздің мәнмәтінінде және осы есептілік бойынша өз пікірімізді қалыптастыруда қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

«Делойт» атауы «Делойт Туш Томацу Лимитед» (бұдан әрі-«ДТТЛ») компаниясына бірлесіп қосылған аффилирленген тұлғаларды қоса алғанда, заңды тұлғалардың 1 немесе кез келген санына жатады. Бұл заңды тұлғалардың әрқайсысы жеке және тәуелсіз. ДТТЛ (сонымен қатар «Делойт» халықаралық желісі деп аталады) клиенттерге тікелей қызметтерді ұсынбайды. Қосымша ақпаратты [www.deloitte.com/about](http://www.deloitte.com/about) сайтынан табуға болады

## **Неліктен біз мәселені аудит үшін түйінді деп санаймыз?**

*Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген бағалы қағаздармен мәмілелер*

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 78 983 143 мың теңге пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржылық активтер («ӘҚПЗА») Топ маркет-мейкерлер қызметтерін ұсынатын бірқатар мекемелер шығарған бағалы қағаздарды қамтиды.

Оларға бағалануы маркет-мейкердің есептік кезеңде белгілеген белгіленіміне байланысты және ықтимал айла-шарғыға немесе қатеге ұшырауы мүмкін сатылатын акциялар мен борыштық бағалы қағаздар жатады. Топтың бағалы қағаздары әрбір есептік кезеңге маркет-мейкердің белгілімелерін пайдаланумен әділ құны арқылы бағаланатын болғандықтан, активтерді дұрыс бағаламау немесе тиісті нарықтық белгілемелерді анықтай алмау ӘҚПЗА бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың бағалауына және сәйкесінше Топтың нәтижелеріне де әсер етуі мүмкін.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі бағалы қағаздар шотындағы қлдыңтың маңыздылығын және бағалы қағаздармен жасалатын операциялардың көлемін ескере отырып, біз түйінді мәселе Қоғам пайдаланатын нарықтық белгілімелердің тәуелсіз көздерге сәйкестігін тексеру болып табылады және сәйкесінше бағалы қағаздардың әділ құны мен қайта бағалаудан түскен тиісті табыстар асыра бағаланбаған.

## **Аудит барысында не істелді?**

Біз басшылықтың бағалы қағаздармен мәмілелерді орындау және бекіту процестері мен бақылаулары туралы түсінік алдық.

Таңдамалы негізде біз жыл ішінде орын алған бағалы қағаздармен операцияларды таңдадық және олардың Топтың ішкі ережелеріне сәйкес тиісті түрде мақұлданған-мақұлданбағанын талдадық.

Жеке транзакциялар үшін біз биржадан алынған биржалық куәліктерді қарастырдық, мәміле бағасын есепті күнгі нарықтық бағамен салыстырдық және инвестициялық комитеттің ішкі бекітуін қарастырдық.

Таңдалған операциялар үшін біз сондай-ақ есеп беру мақсатындағы бағалауды тәуелсіз көздерден алынған нарықтық бағалармен есепті күнгі салыстырдық және тиісті бағалы қағаздардың әділ құнын қайта есептедік. Біз сондай-ақ ХҚЕС талаптарына сәйкес әділ құн иерархиясының дұрыс жіктелуін тексердік.

Біз сондай-ақ инвестициялық кастодиандардан тәуелсіз алынған үшінші тарап растауларымен деректерді салыстыру арқылы таңдалған бағалы қағаздармен операциялардың бар-жоғын тексердік.

Біз ХҚЕС талаптарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікте пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген бағалы қағаздар туралы ақпаратты ашудың сәйкестігі мен толықтығын бағаладық.

---

Мұндай бағалы қағаздарды ашу үшін 16-ескертпені қараңыз, бағалы қағаздармен операцияларды есепке алу бойынша ішкі ережелерді сипаттау үшін 30-ескертпені қараңыз. Осындай бағалы қағаздарға қатысты тәуекелдерді басқару саясатының сипаттамасын 31-ескертпеден қараңыз.

---

Біз тестілеу барысында айтарлықтай ауытқуларды айқындаған жоқпыз

**Неліктен біз мәселені аудит үшін түйінде деп есептейміз?**

*Бизнесті біріктіру*

2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде Компания 5-ескертпеде сипатталғандай «Bank Kassa Nova» АҚ (қазіргі уақытта «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ) сатып алуды аяқтады.

Басшылықтың бағалауы бойынша, бұл сатып алу Бизнесті біріктіру 3 ХҚЕС («IFRS 3») талаптарына сәйкес бизнесті біріктіру ретінде жіктеледі. Бұл операция 3 ХҚЕС («IFRS 3») қолданылу аясына жататынын ескере отырып, соның мақсаты үшін басшылық тиісті рәсімдерді аяқтау үшін сыртқы бағалау сарапшыларын тартқан сатып алу бағасын бөлу шеңберінде сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелердің әділ құнын анықтау кезінде басшылықтың айтарлықтай пайымдауын талап етеді.

Сатып алынған активтер мен міндеттемелерді сәйкестендіру және/немесе бағалау кезінде жасалған кез келген бұрмалау гудвилдің өтелетін бұрмалануына эк50і мүмкін.

Сатып алу мәмілесінің маңыздылығын, сатып алу бағасын бөлуді бағалауда және сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелердің әділ құнын анықтауда қолданылатын пайымдаулардың субъективтілігін ескере отырып, біз бизнесті біріктіруді аудиттің түйінде мәселесі ретінде анықтадық.

**Аудит барысында не жасалды?**

Біз бизнесті сатып алуға, сатып алу бағасын бөлуге және бизнесті біріктіруді есепке алуға байланысты басқару процесі туралы түсінік алдық. Біз Компанияның бизнесті біріктірудегі есеп саясатын 3 ХҚЕС («IFRS 3») талаптарымен салыстырдық.

Бағалау жөніндегі біздің мамандарымызды тарта отырып, біз түйінді кіріс мәліметтерін, әділ құнды есептеу және сатып алу бағасын бөлу кезінде пайдаланылған болжамдар мен әдістемелердің дұрыстығын, соның ішінде үлгілерді, нарықтық бағаларды, кірістілік қисық сызықтарын, дисконттау мөлшерлемелерін, қайта бағалауды түзету коэффициенттерін және пайдаланылған пайдалы қызмет мерзімі мен амортизация нормаларын зерделедік және бағаладық.

Біз сатып алынған активтердің және қабылданған міндеттемелердің әділ құнын (пайдаланылған бастапқы деректерді тексеруді қоса алғанда) сатып алу күніндегі елеулі қалдықтар үшін маңызды рәсімдерді орындай отырып сынадық.

Алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде, біз пайдаланылған негізгі болжамдар мен әдістемелер күтуіміздің қолайлы ауқымында болды деген тұжырымға келдік.

Осы бизнесті біріктіру бойынша осы операцияға жататын мәліметтерді 5-ескертпеден қараңыз.

Біз ХҚЕС талаптарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі бизнесті біріктіру туралы ақпаратты ашудың сәйкестігі мен толықтығын бағаладық.  
Тестілеу барысында біз айтарлықтай ауытқуларды айқындаған жоқпыз.

---

#### **Өзге де ақпарат - Қосымша қаржылық ақпарат**

Біздің аудитіміз тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікір қалыптастыру үшін жүргізілді. 33-ескертпеде қосымша қаржылық ақпарат ретінде ашылған осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ілеспе пай инвестициялық қорларының таза активтері туралы есептерге қатысты ақпарат қосымша талдау мақсатында ұсынылған және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 1 бөлігі болып табылмайды. Бұл қосымша қаржылық ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес әзірленді және біз осы ақпаратқа шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінде қолданылған аудиторлық рәсімдерді қолдандық. Біздің пікірімізше, қосымша ақпарат жылпы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты барлық елеулі тұрғыдан тиісті деңгейде дайындалған.

#### **Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС сәйкес дайындауға және әділ ұсынуға және басшылық алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмалануларсыз шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауды қамтамасыз ету үшін қажет деп санайтын ішкі бақылауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру мүмкіндігін бағалауға, тиісінше кәсіпорынның үздіксіздігіне қатысты ақпаратты ашып көрсетуге және егер басшылық Топты таратуды жоспарламаса, өз қызметін тоқтату немесе жоюдан немесе қызметті тоқтатудан басқа басқару үшін өміршең балама болмаған кезде, үздіксіз қызмет туралы жорамалдың негізінде есеп беруге жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың Топтың қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

### **Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті бойынша аудитордың міндеттері**

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулардың жоқтығына негізделген сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ АХС сәйкес жүргізілген аудит әрқашан маңызды бұрмалану бар болған кезде анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаулар алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп негізді түрде болжам жасауға болатын болса онда маңызды болып саналады.

ХАС сәйкес аудиттің шеңберінде біз кәсіби пайымдауларды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сондай ақ біз төмендегілерді орындаймыз:

- қаржылық есептіліктің алаяқтық әрекеттер немесе қате салдарынан елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз, осы тәуекелдерге жауап беретін аудиторлық процедураларды әзірлейміз және орындаймыз; біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Алаяқтық әрекеттерден туындайтын елеулі бұрмалауды анықтамау тәуекелі қатеден туындағанға қарағанда жоғары, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана әрекетсіздікті, ақпаратты бұрмалап беруді немесе ішкі бақылауды айналып өтетін әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипаты мен басшылық жасаған бағалалу мәндері мен ақпараттың тиісті ашылу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі жорамалын пайдалану орындылығы туралы тұжырым жасаймыз және нәтижесінде алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру мүмкіндігіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар-жоғы туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті ашып көрсетулерге назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ашып көрсетулер тиісті деңгейде болмаса, өз пікірімізді модификациялауымыз қажет. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық қорытындымыздың күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың үздіксіз қызметін жалғастыруын тоқтатуға алып келуі мүмкін.
- жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпаратты ашып көрсетуді, сондай ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар олардың шынайы берілуі қамтамасыз етілетіндей етіп ұсынылған-ұсынылмағанын бағалаймыз.
- шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін ұйымдардық қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі қызметке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитін басқаруға, бақылауға және аудит жүргізуге жауаптымыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен өзара әрекетті жүзеге асырамыз, олардың назарына, өзгелермен бірге, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімі туралы ақпаратты, сондай-ақ аудит нәтижелері туралы, оның ішінде біз аудит процесінде анықтаған ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктерге қатысты маңызды ескертулерді жеткіземіз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды орындағанымыз және сол тұлғаларды аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді түрде қарастырылуы мүмкін барлық қарым-қатынастар мен басқа мәселелер туралы хабардар еткеніміз туралы, ал қажетті жағдайларда, тиісті қауіпсіздік шаралары туралы мәлімдемені береміз.



## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың назарын аударған мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болған, сондықтан негізгі аудит мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік құқықтық актілермен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, немесе өте сирек жағдайларда, мәселе туралы ақпаратты біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда сипаттаймыз, себебі мұндай ақпаратты берудің жағымсыз салдары оны беруден әлеуметтік маңызды пайдадан асып түседі деп болжауға болады.

*/ мөр/*

«Делойт» ЖШС  
Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті  
жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия  
№ 0000015, МФЮ2 түрі,  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген  
2021 жылғы 28 сәуір  
Алматы қ-сы, Қазақстан Рспубликасы

*/ мөр/*

Жангир Жилысбаев  
Тапсырма бойынша серіктес  
Білікті аудитор  
Қазақстан Республикасы  
Аудитордың біліктілік сертификаты  
№MF-0000116  
2012 жылғы 22 қарашада берілген  
«Deloitte» ЖШС  
Бас директоры

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайда мен залал туралы шоғырландырылған есеп (Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

	Ескертпелер	2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық кіріс	6, 29	820.104	285.743
Пайла немесе залал арқылы әліл қуны бойынша бағаланатын Активтер бойынша пайыздық кіріс	6	2 787 998	1 108 035
Пайыздық шығындар	6, 29	(3 070 255)	(3 799 822)
<b>НЕСИЕЛІК ЗАЛАЛ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАРҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС (ШЫҒЫНДАР)</b>	<b>6</b>	<b>537.847</b>	<b>(2 406 044)</b>
(Несиелік залал бойынша шығыстар)/несиелі залал бойынша қалпына келтіру	14, 15, 17, 20	(495 670)	8.418
<b>ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС/(ШЫҒЫНДАР)</b>		<b>42.177</b>	<b>(2 397 626)</b>
Қызметтер мен комиссиялардан түсетін кірістер	7, 29	4 558 169	1 236 859
Қызмет көрсету мен комиссиялар шығындары	7, 29	(337 271)	(270 945)
Пайда немесе залала арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша таза кіріс	8	4 726 137	5 816 031
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза кіріс/(залал)	9	485.495	(94 287)
Дивидендтер бойынша табыс	10	917.500	1 211 374
Өзге де кірістер шығыстар)		77.205	(12 313)
<b>ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ТАЗА КІРІС</b>		<b>10 427 235</b>	<b>7 886 719</b>
Операциялық шығындар	11, 29	(3 726 054)	(4,573,394)
САЛЫҚҚА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		6 743 358	915.699
табыс салығы бойынша шығыс	12	65	-
<b>ЖЫЛДАҒЫ ТАЗА ПАЙДА</b>		<b>6 743 423</b>	<b>915.699</b>
<b>АКЦИЯ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ЖӘНЕ БЫТЫРАҢҚЫ ТАБЫС</b>	<b>13</b>	<b>0,99</b>	<b>0,14</b>
<b>Басқарма Төрағасы</b>			
<b>Лукьянов С.Н.</b>		<b>Хон Т.Э.</b>	
<b>Басқарма төрағасы</b>	<i>/мөр/</i>	<b>Бас есепші</b>	
28 сәуір, 2021 жыл		28 сәуір, 2021 жыл	
Алматы қ-сы, Қазақстан		Алматы қ-сы, Қазақстан	

15-80 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл  
үшін өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

	2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл
<b>ЖЫЛДАҒЫ ТАЗА ПАЙДА</b>	<b>6 743 423</b>	<b>915,699</b>
ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	-	-
<b>ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>	<b>6 743 423</b>	<b>915,699</b>

Басқарманың атынан:

**Лукьянов С.Н.**  
Басқарма төрағасы

*/мөр/*

28 сәуір, 2021 жыл  
Алматы қ-сы, Қазақстан

**Хон Т.Э.**  
Бас есепші

28 сәуір, 2021 жыл  
Алматы қ-сы, Қазақстан

15-80 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

	Ескерт- пелер	31 желтоқсан 2020	31 желтоқсан 2019
<b>АКТИВТЕР:</b>			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	14	49,349,847	7,957,136
Банктердегі қаражаттар	15	857,812	-
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	16	78,983,143	38,122,235
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		575	575
Клиенттерге несиелер	17	424,691	-
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	18	6,457,617	766,224
Дебиторлық берешек	20, 29	1,427,305	7,850,788
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	19	778,019	1,785,810
Ағымдағы салық активтері		126,025	-
Гудвил	5	42,070	-
Өзге де активтер		350,072	254,212
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>138 797 176</b>	<b>56, 736</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ</b>			
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР:</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	21	4,385,787	6 182 140
РЕПО келісімдері бойынша міндеттемелер	23	33,367,602	21 992 174
Ағымдағы шоттар және клиенттердің депозиттері	26	50,593,841	-
Несиелік мекемелердің қаражаттары	24	2,380,381	-
Тәртіптелген қарыз	25, 29	2,933,873	-
Кредиторлық берешек		153,583	205,972
Жалгерлік бойынша міндеттемелер	22	1,067,008	2, 063,
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	12	586,854	-
Өзге де міндеттемелер	29	390,044	276,561
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<b>95 858 973</b>	<b>30, 720</b>
<b>КАПИТАЛ:</b>			
Жарғылық капитал	27	25,879,475	15, 701,
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау қоры		278	278
Бөлінбеген пайда		17,058,450	10, 31.5
<b>КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>42, 938, 203</b>	<b>26, 016,</b>
			<b>56, 736,</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ</b>		<b>138, 797, 176</b>	<b>980</b>

Басқарма атынан:

Лукьянов С.Н.

Басқарма төрағасы

/мөр/

Хон Т.Э.

Бас есепші

28 сәуір, 2021 жыл

Алматы қ-сы, Қазақстан

28 сәуір, 2021 жыл

Алматы қ-сы, Қазақстан

15-80 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша  
капиталдағы өзгерістер туралы  
шоғырландырылған есеп  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

	Ескертпе лер	Акционерлік капитал – жай акциялар	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
<b>2018 жылғы 31 желтоқсаны</b>		<b>15,701,100</b>	<b>278</b>	<b>9,563,392</b>	<b>25,264,770</b>
16 ХҚЕС-қа көшудің әсері			-	(164,064)	(164,064)
Жалпы жиынтық табыс		-	-	915,699	915,699
<b>2019 жылғы 31 желтоқсан</b>		<b>15,701,100</b>	<b>278</b>	<b>10,315,027</b>	<b>26,016,405</b>
Жай акцияларды шығару	27	10,178,375	-	-	10,178,375
Жалпы жиынтық табыс		-	-	6,743,423	6,743,423
<b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>		<b>25,879,475</b>	<b>278</b>	<b>17,058,450</b>	<b>42,938,203</b>

Басқарма атынан:

**Лукьянов С.Н.**

Басқарма төрағасы

/мөр/

28 сәуір, 2021 жыл  
Алматы қ-сы, Қазақстан

**Хон Т.Э.**

Бас есепші

28 сәуір, 2021 жыл  
Алматы қ-сы, Қазақстан

15-80 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

	Ескертпе лер	2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған	2019 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН БОЛҒАН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>		6,743,358	915,699
Түзетулер:			
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша іске асырылмаған залал күтілетін несиелік шығын шығысы/(күтілетін несиелік залал шығысының орнын толтыру)	8	1,777,734	930,594
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза іске асырылмаған негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатудан		495,670	(8,418)
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің		(243,677)	(25,249)
Негізгі құралдардың тозуы және материалдық емес активтердің	11, 18	(7)	6
Пайдалану құқығы нысанындағы активтернің амортизациясы	11, 19	161,917	156,924
Жалгерлік міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар	11, 19	461,485	582,878
Жалгерлік міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар	6, 19	162,825	243,106
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар		13,946	113,736
Есептелген кейінге қалдырылған салықтар		(109)	-
Есептелген пайыздың таза өзгерісі		(941,830)	(192,970)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары</b>		<b>8,631,312</b>	<b>2,716,306</b>
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістер</b>			
<b>Операциялық активтердің (ұлғаюы)/ азаюы:</b>		(6,374)	
Банктегі қаражат			
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		(19,553,868)	6,357,518
Дебиторлық берешек		7,026,519	2,190,061
Клиенттерге несиелер		3,030	-
Өзге де активтер		34,591	185,038
<b>Операциялық міндеттемелердің (азаюы)/ұлғаюы:</b>		(602,037)	(2,311,071)
РЕПО келісімдері бойынша міндеттемелер			
Ағымдағы шоттар және клиенттердің депозиттері		3,635,989	-
Несиелік мекемелердің қаражаттары		157,512	-
Кредиторлық берешек		(86,892)	159,238
Өзге де міндеттемелер		(260,083)	68,129
<b>Салық салуға дейінгі (пайдаланылған)/операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты</b>		<b>(1,020,301)</b>	<b>9,365,219</b>
Төленген табыс салығы		(644,716)	-
<b>(Пайдаланылған)/операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты</b>		<b>(1,665,017)</b>	<b>9,365,219</b>

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп (жалғасы)

2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

	Ескертпе лер	2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТ АҒЫНЫ:</b>			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түскен	18	(85,738)	(268,128)
Еншілес ұйымды сатып алудан түскен таза ақша түсімдері	5	4,782	2
		35,972,657	-
<b>Инвестициялық қызметтен түскен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты</b>		<b>35,891,701</b>	<b>(268,126)</b>
<b>ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ АҒЫНЫ:</b>			
Жалгерлік бойынша міндеттемелерді өтеу		(613,304)	(711,838)
Қарапайым акцияларды шығарудан түсетін түсімдер	27	10,178,375	-
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан түсетін түсімдер	21	310,618	747,359
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу	21	(2,705,268)	(4,555,746)
<b>Қаржыландыру қызметінен түскен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты</b>		<b>7,170,421</b>	<b>(4,520,225)</b>
<b>АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА</b>		<b>41,397,105</b>	<b>4,576,868</b>
<i>Валюта бағамы өзгеруінің ақша қаражаттары мен олардың баламаларына әсері</i>		(4,394)	(316)
<b>Ақша қаражаттары және олардың баламалары, жыл басына</b>	<b>14</b>	<b>7,957,136</b>	<b>3,380,584</b>
<b>Ақша қаражаты және олардың баламалары, жылдың соңына</b>	<b>14</b>	<b>49,349,847</b>	<b>7,957,136</b>

2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде Топ алған және төлеген сыйақы 2, 698, 597 мың теңгені (2019 жылы: 1, 361, 201 мың теңге) және тиісінше 3, 095, 650 мың теңгені (2019 жылы: 3, 717, 109 мың теңге) құрады.

<b>Лукьянов С.Н.</b>		<b>Хон Т.Э.</b>
Басқарма төрағасы	/мөр/	Бас есепші
Басқарма атынан:		

28 сәуір, 2021 жыл  
Алматы қ-сы, Қазақстан

28 сәуір, 2021 жыл  
Алматы қ-сы, Қазақстан

15-80 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

# «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

## 1. Ұйым

«Фридом Финанс» АҚ (бұдан әрі-«Компания») және оның еншілес ұйымы «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ (бұдан әрі-«Банк») - (бұдан әрі бірлесіп- «Топ») Қазақстан мен Қырғызстанда брокерлік, андеррайтинг және акциялардың белгілемелерін қолдау қызметтерін және Қазақстан Республикасында банктік қызметтерді ұсынады. Компания Қазақстан Республикасында 2006 жылғы 1 қарашада «Seven Rivers Capital» АҚ атауымен тіркелген және қазіргі атауымен 2013 жылғы 9 қыркүйекте қайта тіркелген акционерлік қоғам болып табылады. Жалғыз акционердің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 28 000 шешіміне сәйкес «Фридом Финанс» инвестициялық компаниясының (бұдан әрі - «Бас компания») атауы өзгертілді және қайта тіркелді. Топтың қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі-«ҚРҰБ») және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі реттейді. Компания өз қызметін номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға ҚҰБ 2007 жылғы 21 наурызда берген № 0403201437 лицензиясы негізінде және № 040120061 2007 жылғы 21 наурызда инвестициялық портфельді басқару қызметімен айналысуға берілген лицензиясының негізінде жүзеге асырады. Жоғарыда аталған екі лицензия да ҚРҰБ-мен 2014 жылғы 3 шілдедегі № 4.2.111/218 бірыңғай лицензиямен ауыстырылды, ҚРҰБ берген номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу және инвестициялық портфельді басқару құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға құқық береді. Банк қызметін 2020 жылғы 3 ақпандағы №1.1.260 банктік және өзге де операциялар жүргізуге және бағалы қағаздар нарығындағы қызметке берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады. Банк «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұсынатын депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мүшесі болып табылады.

2020 жылғы 4 ақпанда Компания қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуді қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу құқығын беретін шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге № 4.3.12 лицензия алды.

Компанияның орналасқан жерінің өзгеруіне байланысты лицензия қайта ресімделді және 2018 жылғы 2 қазанда номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу және ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға жаңа No3.2.238/15 лицензия берілді.

2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлердің құрылымы төмендегі кестеде берілген, мұнда Т.Р. Турлов түпкілікті бақылаушы тарап болып табылады.

	31 желтоқсан	31 желтоқсан
<b>2020 жыл</b>		
<b>2019 жыл</b>		
«Фридом Финанс» Инвестициялық компаниясы ЖШО	92.96%	94.15%
<u>Freedom Holding Corp.7,04%5,85%</u>		
		<b>100.00%</b>
	<b>100.00%</b>	

Топ қызметінің негізгі бағыттарына кәсіби бағалы қағаздар нарығындағы операциялар, бағалы қағаздар нарығындағы қызмет бойынша консультациялық қызметтер көрсету, брокерлік және дилерлік операциялар, сондай-ақ бағалы қағаздарды шығаруды, орналастыруды және жазылуды ұйымдастыру, өз атынан және өз шотына агент ретінде бағалы қағаздармен сауда-саттық мәмілелерін жүзеге асыру кіреді, инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметтер көрсету және банктік қызметтерді көрсету кіреді.



# «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

## Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы) 2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

### (Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

2020 және 2019 жылдар аралығында. Топ «Фиксд Инком» («1-қор») және «Гудвил» («2-қор») инвестициялық пай қорларын басқарды, 2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1-қордың таза активтері тиісінше 2,114,634 мың теңгені және сәйкесінше 487,048 мың теңгені құрады, және 2-қордың таза активі 596,763 мың теңге және тиісінше 389,234 мың теңгені құрады (33-ескертпе).

Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының («ҚҚБ») листингіне енгізілген және Top Astana International Exchange (бұдан әрі-«АИХ») қатысушысы болып табылады.

Топтың тіркелген кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Esentai Tower» бизнес орталығы.

2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың Қазақстанның ірі қалаларында 23 филиалы және Қырғызстанда 1 филиалы бар.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Топ Басқармасы 2021 жылдың 28 сәуірінде бекітті.

## **2. Есеп саясатының негізгі қағидалары**

### **Сәйкестік туралы мәлімдеме**

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ҚХЕС») сәйкес дайындалған.

Бұл қаржылық есептілік Топтың үздіксіз жұмыс істейтіндігін және жақын болашақта жұмысын жалғастыратынын болжай отырып дайындалды. Компания басшылығы бірінші жартыжылдығында 2020 жылғы Қазақстан Республикасының Үкіметі көрсеткен экономикалық көмек көрсету шаралары бойынша ішінара өтелген, («COVID-19») пандемияның пайда болуы және онымен байланысты оқшаулау шараларының жағымсыз әсерлері айқындалғанын атап өтті. Компания басшылығы қаржылық есептіліктің маңызды баптарын бағалау кезінде осы мән-жайлардыңскерді, COVID-19 пандемиясының Компания қызметінің нәтижелеріне, болжамды қаржыландыру мен капитал позицияларына әсерін қарастырды және осы бағалаулар негізінде, сондай ақ экономиканы қалпына келтіру және қабылданған оқшаулау шараларының ұзақ мерзімді әсерімен байланысты ағымдағы белгісіздікті ескере отырып, Топтың жақын көз жетер болашақта кірісті қызметті жүзеге асыратынына көз жеткізді.

Бұл қаржылық есептілік, егер басқасы көрсетілмесе, қазақстандық теңгемен мыңдармен (бұдан әрі-«мың теңге») ұсынылған.

Бұл қаржылық есептілік төменде түсіндірілгендей, әрбір есепті кезеңнің соңындағы қайта бағаланған құнмен немесе әділ құнмен бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, тарихи құн бойынша есепке алу қағидаларына сәйкес дайындалған.

Тарихи құн әдетте тауарлар мен қызметтерге айырбас ретінде берілген сыйақының әділ құнына негізделеді.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

### Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы) 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін (Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

---

Әділ құн бағаның тікелей бақыланатынына немесе басқа бағалау әдісін қолдану арқылы бағаланғанына қарамастан, бағалау күнінде нарық қатысушылары арасындағы реттелген мәміледе активті сату үшін алынатын немесе міндеттемені аудару үшін төленетін бағаны көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалау кезінде Компания, егер нарық қатысушылары бағалау күнінде активке немесе міндеттемеге баға белгілеу кезінде осы сипаттамаларды ескеретіндей етіп, активтің немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді.

Әділ құнды бағалауға қатысты әділ құн бойынша бағалалуды жүргізу және/немесе ақпаратты ашу үшін осы қаржылық есептіліктегі әділ құн ҚЕХС (IFRS) 2 қолдану аясына жататын меншікті үлестік құралдардың, ҚЕХС (IFRS) 16 қолдану аясына жататын лизингтік операциялардың, сондай ақ әділ құнмен салыстырылатын, бірақ бұл ретте әділ құн болып табылмайтын, мысалы ҚЕХС (IAS) 2 ықтимал іске асырудың таза құны немесе ҚЕХС (IAS) 36 пайдалану құндылығы секілді бағалаулардың негізіндегі төлемдері бар мәмілелерді қоспағанда, жоғарыда көрсетілген тәсілмен анықталады.

Сонымен қатар, қаржылық есептілікті дайындау мақсаттары үшін әділ құнның иерархиясының негізінде әділ құнды бағалау жіктеледі (1, 2 немесе 3-деңгей). Деңгейлер әділ құнды бағалауға арналған бастапқы деректердің бақыланатын дәрежесіне және толығымен әділ құнды бағалауға енгізілген деректердің маңыздылығына негізделген, олар төмендегідей сипатталады:

- 1-деңгейдің бастапқы деректері бағалау күнінде ұйым қол жеткізе алатын бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы түзетуді талап етпейтін белгіленімдерді білдіреді;
- 2-деңгейдегі бастапқы деректер 1-деңгейге анықталған белгіленімдер болып табылмайды, бірақ, тікелей немесе жанама түрде актив немесе міндеттеме үшін бақыланады; және
- 3-деңгейдегі бастапқы деректер актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын кіріс деректерді білдіреді.

Топ өзінің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебін өтімділік тәртібінде ұсынады. Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есеп (қысқа мерзімді) жасалған күннен кейінгі 12 ай ішінде және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп (ұзақ мерзімді) жасалған күннен кейін 12 айдан астам уақыт ішінде өтеу немесе есеп айырысулардың талдауы 31-ескертпеде берілген.

#### **Функционалды валюта**

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізілген баптар Топ жұмыс істейтін негізгі экономикалық ортаның валютасымен («функционалдық валюта») өлшенеді, ол қазақстандық теңге («теңге»). Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін ұсыну валютасы да теңге болып табылады. Барлық мәндер, егер басқасы көрсетілмесе, мың теңге дәлдігіне дейін дөңгелектенеді.

# «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

## Шоғырландырылған еншілес компаниялар

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілік келесі еншілес ұйымды қамтиды:

Еншілес ұйым	қатысу үлесі, %		Ел	Сала
	31 желтоқсан 2020 жыл	31 желтоқсан 2019 жыл		
«Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ	100		-Қазақстан	Банк

2020 жылғы 28 желтоқсанда Компания Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің келісімін алғаннан кейін «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ (бұрынғы- «Bank Kassa Nova» АҚ) сатып алуды аяқтады. Бухгалтерлік есеп мақсатында 2020 жылғы 25 желтоқсанында Компания «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ жай акцияларын сатып алу арқылы ұйымды бақылауға алды. Сатып алу құнына орналастырылған 17 198 644 мың теңге сомасындағы жай акциялар бойынша төленген сыйақы және 1 040 000 мың теңге көлеміндегі орналастырылған артықшылықты акциялар үшін төленген сыйақы кірді. Мәміле шеңберінде Компания орналастырылған жай акциялардың 100%-ын және орналастырылған артықшылықты акцияларының 100%-ын сатып алды. Сатып алуға қатысты мәліметтердің сипаттамасы үшін 5-ескертпені қараңыз. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, бұл еншілес кәсіпорын дивиденттерді жариялаған жоқ.

## Өзара есептесу

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер есепке жатқызылады және қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген таза сома танылған сомаларды өтеуге заңды түрде бекітілген құқық болған кезде және таза негізде 1 мезгілде активтерді сату немесе міндеттемелерді орындау ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Кез келген бухгалтерлік есеп стандарты немесе түсіндірме талап еткен немесе рұқсат еткен жағдайды қоспағанда, кірістер мен шығыстар пайда немесе залал туралы есепте өзара есепке алынбайды, бұл ретте мұндай жағдайлар Компанияның есеп саясатында жеке ашып көрсетіледі.

## Шоғырландыру қағидалары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік әр жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның және Қоғам (оның еншілес ұйымы) бақылайтын ұйымның қаржылық есептілігін қамтиды. Бақылауға келесі жағдайларда кқол жеткізіледі, егер Компанияның:

- инвестициялық объектіге қатысты өкілеттігі болса;
- инвестиция нысанына қатысудан түскен кірістің өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшыраса немесе мұндай кірісті алуға құқығы болса; және
- инвестордың кірісіне әсер ету мақсатында инвестициялық объектіге қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болса.

Егер фактілер мен жағдайлар жоғарыда аталған бақылаудың үш элементінің біреуінің немесе бірнешеуінің өзгеруін көрсететін болса, ұйым инвестиция нысанына бақылаудың бар-жоғын қайталап бағалауы тиіс.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

### Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

---

Егер Компания инвестиция нысанының дауыс беретін акцияларының басым бөлігіне ие болмаса, онда компания инвестиция нысанының маңызды қызметіне жалғыз бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеткілікті дауыс құқығына ие болса, инвестиция нысаны инвестиция нысанына қатысты билікке ие болады. Компанияның инвестиция нысанына ықпал ету өкілеттігіне ие болу үшін жеткілікті дауыс құқығы бар-жоғын бағалау кезінде Компания барлық маңызды фактілер мен жағдайларды ескереді, соның ішінде:

- басқа дауыс берушілер акцияларының көлеміне және бөлінуіне қатысты Компанияның иелігіндегі дауыс беру құқығының мөлшері;
- Компанияның, басқа дауыс иелерінің немесе басқа тараптардың иелігіндегі әлеуетті дауыс беру құқықтары;
- басқа шарттық келісімдерден туындайтын құқықтар; және
- акционерлердің алдыңғы жиналыстарында дауыс беру құрылымын қоса алғанда, шешім қабылдау кезінде тиісті шараларды қабылдауға Компанияның ағымдағы мүмкіндігі бар немесе жоқ екенін көрсететін кез келген қосымша фактілер мен жағдайлар.

Еншілес ұйымды шоғырландыру Қоғам еншілес ұйымға бақылауды алған кезде басталады және Қоғам еншілес ұйымға бақылауды жоғалтқан кезде аяқталады. Атап айтқанда, жыл ішінде сатып алынған немесе шығарылған еншілес ұйымдардың нәтижелері Қоғам бақылауды алған күннен бастап Компания еншілес ұйымды бақылауды тоқтатқан күнге дейін пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Пайда немесе залал және өзге де а жиынтық кірістің әрбір құрамдас бөлігі Компанияның және бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Еншілес ұйымдардың жиынтық кірісі, егер бұл бақыланбайтын үлестердің тапшылық балансының болуына әкелсе де, Компанияның иелеріне және бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады.

Қажет болған жағдайда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігіне қолданылатын есеп саясатының Топтың саясатына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін түзетулер енгізіледі.

Топ мүшелері арасындағы операцияларға қатысты барлық топ ішіндегі активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар және ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

#### **Қолданыстағы еншілес компаниялардағы Топтың меншік құқығындағы өзгерістер**

Бақылауды жоғалтуға әкеп соқпайтын еншілес ұйымдардағы Топтың қатысу үлесін өзгерту үлестік операциялар ретінде есепке алынады. Топ үлестерінің және бақыланбайтын үлестерінің баланстық құны олардың еншілес компаниялардағы салыстырмалы үлестерінің өзгеруіне байланысты түзетіледі. Бақыланбайтын үлестер түзетілген сома мен төленген немесе алынған кез келген сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырмашылық тікелей капиталда танылады және Топ акционерлеріне жатқызылады.

# «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

## ***(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)***

---

Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтқан кезде, пайда немесе залалда танылған шығарудан түскен пайда/залал (i) алынған сыйақының әділ құнының сомасы мен кез келген қалған пайыздың әділ құны арасындағы айырма және (ii) еншілес ұйымның міндеттемелерін және кез келген бақыланбайтын үлестерді шегергендегі активтердің бұрынғы баланстық құны (гудвилді қоса алғанда) ретінде есептеледі. Осы еншілес ұйымға қатысты бұрын өзге де жиынтық кірісте (ӨЖК) танылған барлық сомалар Топ еншілес ұйымның тиісті активтерін немесе міндеттемелерін тікелей шығарғандай есепке алынады (яғни пайда немесе залалға қайта жіктелген немесе капиталдың басқа санатына қайта жіктелген). Бақылау жойылған күнгі бұрынғы еншілес ұйымда қалған кез келген инвестицияның әділ құны, 9 ҚХЕС (IRFS) сәйкес кейінгі есепке алу үшін бастапқы тану кезінде әділ құн ретінде, ал бұл қолданымды болған кезде, қауымдастырылған компанияға немесе бірлескен компанияға бастапқы танудың құны ретінде қарастырылады.

### **Бизнесті біріктіру бойынша мәмілелер**

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісі бойынша есепке алынады. Бизнесті біріктіру кезінде төленген сыйақы Топ берген активтердің, сатып алынатын бизнестің бұрынғы иелері алдында Топ қабылдаған міндеттемелердің және меншікті капиталдың сатып алу күніндегі әділ құнының сомасы ретінде есептелетін, бизнесті бақылауға айырбас ретінде Топ шығарған бағалы қағаздардың әділ құн бойынша өлшенеді. Барлық байланысты шығындар әдетте туындаған кезінде пайда немесе залалда танылады.

Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер мен қабылданған міндеттемелер сатып алу күніндегі әділ құн бойынша келесі жағдайларды қоспағанда танылады:

- Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтері 12 Табысқа салынатын салықтар 12 ҚХЕС (IAS) сәйкес танылады және бағаланады;
- Сатып алынатын кәсіпорынның акцияларға негізделген төлем келісімдерімен («АНТ») немесе Топтың сатып алынатын кәсіпорынның акцияларға негізделген төлем шарттарымен байланысты міндеттемелер немесе үлестік бағалы қағаздар сатып алу күніне 2 «Акцияға негізделген төлемдер» ХҚЕС (IRFS) сәйкес бағаланады; және
- «Сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» 5 ХҚЕС (IRFS) сәйкес сатуға арналған ретінде жіктелген активтер (немесе шығарылатын активтер тобы) осы стандартқа сәйкес бағаланады.

### **Гудвил**

Гудвил сатып алу құнының, сатылатын ұйымдағы бақыланбайтын үлес құнының және сатып алушының бұрын иеленген, (егер бар болса) сатып алынатын ұйымдағы үлестік қатысуының әділ құнының оның таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінен сатып алу күнінде артуы ретінде есептеледі. Егер қайта бағалаудан кейін сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің сатып алу күніндегі таза дисконтталған құны аударылған сыйақыдан асып кетсе, сатып алынатын ұйымдағы кез келген бақыланбайтын үлестердің құны және сатып алушының бұрын иеленген қатысу үлесі, егер бар болса, әділ құны сатып алынатын ұйымның меншікті капиталы, мұндай асып кету әділ құннан төмен баға бойынша меншік құқығын сатып алудан түскен пайда ретінде пайдада танылады.

# «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

---

## Табысты тану

### Пайыздық кірістер мен шығыстарды тану

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте «Таза пайыздық кіріс/(шығын)» бөлімінде «Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс» және «Пайыздық шығыс» ретінде танылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме («ТПМ») – қаржылық активтің немесе міндеттеменің күтілетін қызмет ету мерзімі ішінде немесе (егер қолданылса) қысқарақ кезең ішінде қаржы құралының болжамды болашақ ақша ағындарын оның таза баланстық құнына дисконттайтын мөлшерлеме. Болашақ ақша ағындары құралдың барлық шарттық талаптарын ескере отырып бағаланады.

ТПМ ажырамас бөлігі болып табылатын және сол басқа несиелік келісімдерге тікелей қатысы бар тараптар төлеген немесе алған барлық комиссиялар мен басқа сомалар, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығындар және барлық басқа сыйлықақылар немесе жеңілдіктер есепке алынады. Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша («ПЗАӘҚБ») санаттағы қаржылық активтер үшін операциялық шығындар бастапқы тану кезінде пайда немесе залал құрамында танылады.

Пайыздық кіріс/пайыздық шығыс несие бойынша құнсызданбаған қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына (яғни, күтілетін несиелік шығындарға резервті түзетуге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құны) немесе қаржылық міндеттемелердің амортизацияланған құнына ТПМ қолдану арқылы есептеледі. Несие бойынша құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс осындай активтердің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі (яғни күтілетін несиелік шығындарға резервті шегергендегі олардың жалпы баланстық құны («ТПМ»)).

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пайда немесе залал арқылы көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер пайда немесе залал арқылы көрсетілетін қаржылық активтер бойынша шоғырландырылған кірістер туралы есепте көрсетіледі.

### РЕПО шарттары және РЕПО кері сатып алу бойынша кірістерді тану

Жоғарыда аталған құралдарды сатудан түскен кірістер/(шығындар) тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, ағымдағы сәтке есептелген кері сатып алу бағасы мен осындай құралдарды үшінші тұлғаларға сату бағасы арасындағы айырма негізінде пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте пайыздық кіріс немесе шығыс ретінде танылады. Кері РЕПО/РЕПО операциясы бастапқы шарттар бойынша өтелсе, бастапқы келісім-шарт бойынша келісілген сату және кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық бойынша тиімді кіріс/пайызы тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып танылады.

# «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)**

---

## **Дивидендтер бойынша кірісті тану**

Инвестициялардан түскен дивидендік кіріс акционердің дивидендтер алу құқығы белгіленген кезде танылады (егер Топтың экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және кіріс сомасы сенімді түрде өлшенетін болса).

## **Қызметтер мен комиссиялардан түсетін кірістер**

Комиссиялық кірістер осындай қызметтерге айырбас ретінде алынуы күтілетін сыйақыны көрсететін сомада клиенттерге қызметтерді беру ретінде танылады. Топ орындау міндеттемесін, яғни тапсырыс берушімен келісілген қызметтерді және сыйақыны анықтайды және қызметтердің берілуіне, тапсырыс берушімен келісілген орындау міндеттемесіне сәйкес кірісті таниды.

Әрбір анықталған орындау міндеттемесі үшін Топ шарт жасасу кезінде оның орындау міндеттемесін уақыттың белгілі 1 уақытында немесе уақытында қанағаттандыратынын және сыйақы тұрақты немесе өзгермелі, соның ішінде сыйақыға қатысты шектеулерді, мысалы, Топтың әсері байланысты емес сыртқы факторларды анықтайды. Сыйақы кейіннен анықталған орындау міндеттемесіне бөлінеді.

Қызметтер мен комиссиялық кірістер, ең алдымен, брокерлік, андеррайтинг және акциялар бағасын қолдау қызметтерінен түскен кірістерден тұрады.

## **Қаржы құралдарын тану және бағалау**

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер Топ негізгі қаржы құралына келісуші тарап болған кезде Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылады. Топ есеп айырысу күніне қаржылық активтер мен міндеттемелерді тұрақты сатып алуды және шығаруды көрсетеді. Тұрақты жолмен сатып алу немесе сату активтерді нормативтік актілерде немесе нарық тәжірибесінде белгіленген мерзімдерде жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату болып табылады.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді (пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерден басқа) сатып алуға немесе шығаруға тікелей байланысты мәміле шығындары, тиісінше, бастапқы тану кезінде қаржылық активтердің немесе қаржылық міндеттемелердің әділ құнын ұлғайтады немесе азайтады. Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтерді немесе қаржылық міндеттемелерді сатып алуға тікелей қатысты мәміле шығындары тікелей пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін (Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

---

### Қаржылық активтер

Қаржы активтері, егер активті сатып алу немесе сату талаптары активті тиісті нарықта қабылданған мерзімде жеткізуді талап ететін келісім бойынша жасалса, мәміле жасалған күні танылады және тану тоқтатылады. Қаржы активтері бастапқыда мәміле құнын қосқанда әділ құн бойынша бағаланады. Ерекшелік ПЗАӘҚБ ретінде жіктелген қаржылық активтер болып табылады. ПЗАӘҚБ ретінде белгіленген қаржы активтерін сатып алуға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар тікелей пайда немесе залал құрамында танылады.

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС (IFRS) қолдану аясына кіретін барлық танылған қаржы активтері бастапқы танудан кейін амортизацияланған құн бойынша немесе ұйымның қаржылық активтерді басқаруға арналған бизнес үлгісіне және шарттық ақша ағындарының сипаттамаларына сәйкес әділ құн бойынша бағалануы тиіс. Атай айтқанда:

- Мақсаты тек негізгі борыш пен пайыздық төлемдерді қамтитын шарттық ақша ағындарын жинау болып табылатын бизнес-үлгі шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар бастапқы мойындаудан кейін амортизацияланған құн бойынша бағаланады;
- Мақсаты тек негізгі борыш пен пайыздық төлемдерді қамтитын шарттық ақша ағындарын жинау және тиісті борыштық құралдарды сату болып табылатын бизнес үлгісі шеңберінде ұсталатын борыштық құралдар бастапқы тану кезінде басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланады («ПЗАӘҚБ»);
- Барлық басқа қарыз құралдары (мысалы, әділ құн бойынша бағаланған немесе сатуға арналған қарыз құралдары) және үлестік құралдарға инвестициялар бастапқы танудан кейін пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады.

9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес қаржы активтері келесідей жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша өлшенетін құралдар;
- Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша оның өзгерістерін зге де жиынтық кірістің құрамында көрсетумен бағаланатын құралдар (ӨЖКАӘҚБ);
- Әділ құны бойынша, кезең ішіндегі оның өзгерістерін пайда немесе залалдың құрамында көрсетуменбағаланатын құралдар (ПЗАӘҚБ);
- Амортизацияланған құн бойынша өлшенетін активтер ретінде жіктелген банктік несиелер тек негізгі борыш пен өтелмеген негізгі сома бойынша пайыздарды төлеу болып табылатын шарттық ақша ағындарын жинау болып табылатын және қарыз сомасын ғана қамтитын негізгі борыш төлемдерін қамтитын бизнес үлгісі шеңберінде ұсталады («SPPI»);



# «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)**  
**2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін**  
**(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)**

## **Амортизацияланған құн немесе ӨЖКАЭҚБ бойынша бағаланатын қарыз құралдары**

Топ қаржылық активтің жікт50ін және бағалануын шарттық ақша ағындарының сипаттамаларына және активті басқару үшін пайдаланылатын Топтың бизнес үлгісіне қарай бағалайды.

Активті ӨЖКАЭҚБ ретінде жіктеу және бағалау үшін келісім-шарт талаптары тек негізгі борыш пен өтелмеген негізгі борыш сомасы бойынша пайыздарды төлеуді қамтитын ақша ағындарының пайда болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Шартпен көзделген ақша ағындарын көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеру кезінде қарыздың негізгі сомасы қаржы активінің бастапқы тану кезіндегі әділ құны ретінде қарастырылады. Қаржылық активтің қызмет ету мерзімі ішінде қарыздың негізгі сомасы өзгеруі мүмкін (мысалы, негізгі сома есебінен төлем жағдайында). Пайыздар ақшаның уақытша құны үшін, белгілі 1 уақыт аралығында төленбей қалған қарыздың негізгі сомасына қатысты несие тәуекелі үшін және несиелеуге байланысты әдеттегі тәуекелдер мен шығындар үшін өтеуді, сондай ақ пайда маржасын қамтиды. Негізгі қарыз пен пайыздар есебінен төлеу қаржы активі көрсетілген валютада жүргізіледі.

Негізгі қарызды және сыйақыны төлеуді ғана қамтитын шарттық ақша ағындары негізгі қарыз шартының талаптарына сәйкес келеді. Негізгі қарыз шартымен байланысты емес шарттық ақша ағынындағы тәуекелдерді немесе құбылмалылықты тудыратын шарттық талаптар, мысалы акциялар бағасының тәуекелі немесе тауарлар ретінде тек негізгі борыш пен өтелмеген негізгі сома бойынша сыйақы төлемдерін қамтитын шарттық ақша ағындарын туғызбайды.

Топ пайдаланатын бизнес үлгісі белгілі 1 бизнес мақсатына жету үшін топтастырылған қаржылық активтерді қалай басқаратынын көрсететін деңгейде анықталады. Топтың бизнес үлгісі басшылықтың жеке құралға қатысты ниеттерінен тәуелсіз болғандықтан, бағалау жеке құрал деңгейінде емес, жинақтаудың жоғары деңгейінде жүргізіледі.

Бизнес-модельді бағалау кезінде Топ барлық қолда бар ақпаратты қарастырады. Сонымен бірге, бағалау Топ орын алуы мүмкін болатын сценарийлерге негізделмейді, мысалы «ең нашар» сценарий немесе «стресс» сценарийі.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

---

Топ төмендегідей барлық тиісті деректерді ескереді, мысалы:

- Бизнес-модельдің тиімділігін және осы бизнес-модель аясындағы қаржылық активтерді бағалау және негізгі басқарушы персоналға есеп беру тетігі;
- Бизнес-модельдің тиімділігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржылық активтер) және осы тәуекелдерді басқару әдісі; сондай ақ
- Басшылыққа өтемақы төлеу тетігі (мысалы, өтемақы төлеу негізі талданады: тиісті активтердің әділ құны немесе келісім-шарт бойынша алынған ақша ағындары).

Қаржы активін бастапқы тану кезінде Топ жаңадан танылған қаржы активтерінің қолданыстағы бизнес-үлгінің бөлігі болып табылатынын немесе жаңа бизнес үлгісінің пайда болуын көрсететінін анықтайды. Топ өткен кезеңдегі өзгерістерді анықтау үшін әрбір есепті кезеңде өзінің бизнес үлгілерін қайта қарайды. Ағымдағы есепті кезеңде Топ өзінің бизнес үлгілеріндегі өзгерістерді анықтаған жоқ.

ӨЖКАӘҚББ бойынша борыштық құралды тануды тоқтатқан кезде басқа жиынтық кірісте бұрын танылған жиынтық кіріс/шығын капиталдан пайда немесе залалға қайта жіктеледі. Керісінше, ӨЖКАӘҚББ бойынша жіктелген меншікті капиталға инвестицияларды тануды тоқтату кезінде, керісінше, бұрын басқа жиынтық кірісте танылған жиынтық пайда немесе залал пайда немесе залалға қайта жіктелмейді, бірақ капиталдың басқа бабына қайта жіктеледі. Бастапқы танудан кейін у амортизацияланған құн бойынша немесе ӨЖКАӘҚББ бойынша бағаланатын қарыз құралдары құнсыздануға жатады.

### ПЗӘҚБ санатындағы қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер

ПЗӘҚБ санатындағы қаржылық активтер келесіні қамтиды:

- Қарыздың негізгі сомасы мен пайыздар есебінен төлемдерді ғана қамтымайтын активтер, шарттық ақша ағыны; және/немесе
- Шартпен көзделген ақша қаражатын алу үшін ұсталатын немесе осындай ағынды алу активті және сату үшін ұсталатын активтерден басқа бизнес-үлгі шеңберінде ұсталатын активтер; немесе
- Әділ құн бойынша есепке алу опциясын қолдану арқылы ПЗӘҚБ санатына жатқызылған активтер.
- Қаржылық міндеттемелер «қаржылық міндеттемелер, ПЗӘҚБ» немесе «өзге де қаржылық міндеттемелер» ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттеме (i) саудаға арналған немесе (ii) бастапқы тану кезінде ПЗӘҚБ санатына анықталған болса, қаржылық міндеттеме ПЗӘҚБ санатындағы қаржылық міндеттеме ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттеме «саудаға арналған» ретінде жіктеледі, егер ол:

- Негізінен жақын арада сатып алу мақсатында қабылданса; және/немесе
- Бастапқы тану кезінде ол қысқа мерзімді пайда алу туралы жаңа деректері бар, Компанияның бірлесіп басқаратын қаржылық құралдары портфелінің бөлігі болып табылса; немесе
- Тиімді хеджирлеу мәмілесінде хеджирлеу құралы ретінде анықталмаған туынды құрал болып табылса.

Сауда үшін ұсталатын қаржылық міндеттемеден немесе бизнесті біріктірудің бөлігі ретінде сатып алушы төлеуі мүмкін шартты өтемақыдан басқа қаржылық міндеттеме бастапқы тану кезінде ПЗӘҚБ санатына анықталған болуы мүмкін, егер:

- Мұндай жіктеу басқа жағдайда туындауы мүмкін өлшем немесе тану сәйкессіздігін жойса немесе айтарлықтай азайтса; немесе
- Қаржылық міндеттеме Компанияның құжатталған тәуекелдерді басқару немесе инвестициялық

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

стратегиясына сәйкес басқарылатын және оның тиімділігі әділ құн негізінде бағаланатын қаржылық активтер немесе қаржылық міндеттемелер тобының 1 бөлігін құраса және мұндай топтастыру туралы ақпарат көрсетілген негізде ұйымның ішінде ұсынылса; немесе

- Қаржылық міндеттеме 1 немесе бірнеше енгізілген туынды құралдарды қамтитын шарттың бөлігі болып табылса және 9 ХҚЕС (IFRS) құралды жалпы ПЗӘҚБ ретінде жіктеуге рұқсат берсе.

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер, РЕПО бойынша міндеттемелер, кредиторлық берешек және басқа да қаржылық міндеттемелер бастапқыда транзакциялық шығындарды шегеріп тастағандағы әділ құн бойынша бағаланады.

Қаржылық міндеттемелер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады, пайыздық шығыстар тиімді кірістілік негізінде немесе әділ құн бойынша танылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеу және тиісті кезеңдегі пайыздық шығыстарды бөлу әдісі болып табылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме дегеніміз қаржылық міндеттеменің күтілетін мерзімі ішінде болжамды ақшалай төлемдерді (тиімді пайыздық мөлшерлеменің құрамдас бөлігін құрайтын төленген немесе алынған барлық комиссиялар мен ұпайларды, мәмілені ресімдеу бойынша шығындарды және басқа сыйлықақыларды немесе дисконттарды қоса алғанда) нақты дисконтталатын мөлшерлеме, немесе (тиісті қолданымды болса) бастапқы тану кезіндегі таза баланстық құнға дейін қысқарақ кезеңге дисконттау мөлшерлемесі болып табылады.

ПЗӘҚБ санатындағы қаржылық активтер мен міндеттемелер әділ құн бойынша, алқайта бағалаудан болған кез-келген пайда немесе залалдың құрамында танылған пайда немесе залалдың құрамында көрсетіледі. Әділ құн 30-ескертпеде келтірілген тәртіппен анықталады.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

---

### Кепілдік қамтамасыз ету

Топ қажет деп санаған кезде клиенттердің міндеттемелері бойынша қамтамасыз етуді алады. Кепіл, әдетте, клиенттің активтері бойынша кепіл нысанын алады, бұл Топқа клиенттің бар және болашақ міндеттемелері бойынша мұндай активтерге талап қоюды қамтамасыз етеді.

### Қаржылық активтердің құнсыздануы

Топ келесі пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын, қаржылық құралдарға қатысты КНЗ бойынша бағалау резервтерін таниды:

Ақша қаражаттары және олардың баламалары;  
Несиелік ұйымдардағы қаражат;  
Дебиторлық берешек;  
Өзге де қаржылық активтер.

Үлестік инвестициялар бойынша күтілетін несиелік шығындар бойынша резервтер танылмайды.

Қаржылық активтер бойынша құнсызданды есептеу келесі факторларды ескере отырып жүргізіледі:

- Қазынашылық операциялар бойынша құнсыздану (қарыздық бағалы қағаздарға инвестициялар, «кері РЕПО» операциялары, банкаралық қарыздар мен депозиттер, корреспонденттік шот операциялары, қазынашылық операциялар бойынша дебиторлық берешек) контрагенттің рейтингісін, дефолт ықтималдығын, мәміленің мерзімі мен дефолт кезіндегі заладың деңгейін ескере отырып есептеледі.
- Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша жіктелген активтер 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес құнсыздануға Қолданылмайды.
- Қазынашылық операциялар бойынша күтілетін несиелік залалжеке негізде бағаланады (дебиторлық берешек түріндегі жеке талаптардан басқасы).
- Дебиторлық берешектің құнсыздануы жеке негізде есептеледі және дефолт ықтималдығын (тарихи несиелік шығындар негізінде), дебиторлық берешектің ұзақтығын және дефолт жағдайында залалдың мөлшерін ескереді.

Қаржылық активтер келесі тәсілдерге сәйкес себеттер бойынша сегменттелген:

- 1-саты: активті танудан кейін несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы байқалмайды, құнсыздану алдағы 12 ай ішінде күтілетін шығындар ретінде танылады;
- 2-саты: активті танудан кейін несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұдғаюы, құнсыздану қаржылық активтің қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін шығындар ретінде танылады;
- 3-саты: қаржылық актив дефолтқа ұшырады немесе құнсыздану белгілері бар.

КНЗ бағалауын мәні келесіге тең бағалау резервінің көмегімен жүргізу қажет:

- Келесі 12 ай ішінде күтілетін КНЗ мәніне, яғни есеп беру күнінен кейін 12 ай ішінде туындауы мүмкін болатын құрал бойынша міндеттемелердің орындалмауының малдарынан күтілетін несиелік залалды білдіретін қаржы құралының барлық жарамдылық мерзімінің несиелік залал бөлігінде («бірінші саты»); немесе
- Құрал бойынша міндеттемелерді оның барлық жарамдылық мерзімінде барлық ықтимал орындамаудың салдарынан күтілетін КНЗ мәніне («2-саты» және «3-саты»).

Егер осы қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқы танылғаннан кейін айтарлықтай өссе, қаржылық құрал үшін толық қызмет ету мерзіміне арналған шығын резерві талап етіледі. Барлық басқа жағдайларда күтілетін несиелік залал бойынша резервтер 12 ай ішінде күтілетін несиелік залалдың мәніне тең мөлшерде қалыптасады.

КНЗ несиелік шығындардың келтірілген құнының ықтималдықпен өлшенген бағасын білдіреді. Бұл заладың

## **«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы**

бағалануы шарт бойынша Компанияға тиесілі ақша қаражаты мен активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған көптеген болашақ экономикалық сценарийлерді саралаудан туындайтын Компания алуды күтетін ақша қаражаты арасындағы айырмашылықтың ТПМ пайдаланумен дисконтталған құны ретінде өлшенеді.

Компания КНЗ-ны жеке негізде немесе ұқсас тәуекел сипаттамалары бар активтер портфелі үшін ұжымдық негізде өлшейді. Резервті бағалау оның жеке немесе ұжымдық негізде өлшенетініне қарамастан, активтің бастапқы ТПМ мәнін пайдалана отырып, активтің күтілетін ақша қаражатының дисконтталған құнына негізделеді.

### **Қаржылық активтерді тануды тоқтату**

Топ қаржылық активті тануды тек активтен ақша қаражатына шарттық құқықтар аяқталғанда немесе ол қаржы активін және активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды басқа тарапқа берген кезде ғана тоқтатады. Егер Топ иеленумен байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды бермесе немесе сақтап қалмаса және берілген активті бақылауды жалғастырса, Қоғам активтегі өзінің қалған үлесін және төлеуі мүмкін сомалар бойынша байланысты міндеттемені таниды. Егер Топ өткізілген қаржы активіне иелік етудің барлық тәуекелдері мен сыйақыларын сақтап қалса, Топ қаржылық активті тануды жалғастырады, сондай-ақ алынған түсімдер үшін қамтамасыз етілген қарыз түрінде көрсетеді.

Қаржылық активті толығымен есептен шығарған кезде, активтің баланстық құны мен алынған және дебиторлық берешек сомасы мен басқа жиынтық кірісте танылған және меншікті капиталда жинақталған залалдың жиынтық кірісі арасындағы айырмашылық пайда немесе залалға жатқызылады.

Егер қаржылық активті тану толығымен тоқтатылмаса (мысалы, Топ берілген активтің 1 бөлігін сатып алу мүмкіндігін сақтаған кезде), Топ берілген қаржылық активтің бұрынғы баланстық құнын, беру күніндегі осы бөліктердің салыстырмалы әділ құны негізінде енді танымайтын бөлігіне қарай, оның жалғасып жатқан қатысу жағдайында тануды жалғастыратын бөлігі арасында бөледі. Есептен шығарылған бөлікке бөлінген баланстық құн мен енді танылмайтын бөлік үшін алынған сыйақының сомасы және басқа жиынтық кірісте танылған оған бөлінген кез келген жиынтық пайда немесе залал арасындағы айырмашылық пайда немесе залалға жатқызылады. Өзге де жиынтық пайдада танылған пайда немесе шығын да ұсталып қалатын және есептен шығарылатын бөліктердің әділ құнына шамалас бөлінеді. Бұл ӨЖКАӘҚББ үлестік құралдарына қолданылмайды, себебі бұрын өзге жиынтық кірістің құрамында танылған жинақталған пайда немесе залал кейіннен пайда немесе залал санатына қайта жіктелмейді.

### **Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату**

Топ қаржылық міндеттемелерді тануды Компанияның міндеттемелері өтелген, күші жойылған немесе мерзімі өткен кезде ғана тоқтатады. Қолданыстағы қаржылық міндеттеме 1 несие берушінің басқасымен айтарлықтай басқа шарттармен ауыстырылса немесе бар міндеттеменің шарттары елеулі түрде өзгертілсе, мұндай айырбастау немесе өзгерту бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тану ретінде қарастырылады. Тану тоқтатылған қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген және төленуге жататын өтемақы арасындағы айырмашылық пайда мен залалда танылады.

### **Ақша қаражаты және олардың баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламалары кассадағы ақша қаражатын, бастапқы өтеу мерзімі үш ай немесе одан аз банктердегі ағымдағы шоттардағы шектеусіз қалдықтарды және бастапқы өтеу мерзімі үш айға дейінгі кері РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды қамтиды. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары, егер бар болса, күтілетін несиелік шығындарға арналған резервтерді шегере отырып ескеріледі.

### **Банктердегі қаражат**

Өз қызметі барысында Топ банктерде пайдалануы шектеулі шоттарды ашады немесе түрлі кезеңдерге салымдарды орналастырады. Өтеу мерзімі белгіленген несие ұйымдарындағы қаражат бастапқыда әділ құн бойынша танылады, кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн

## **«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы**

бойынша бағаланады. Белгіленген өтеу мерзімі жоқтар бастапқы құны бойынша есепке алынады. Несие ұйымдарындағы қаражат күтілетін несиелік залал бойынша резервтерді шегере отырып ескеріледі.

### **Негізгі құралдар**

Тауарларды немесе қызметтерді өндіруде немесе жеткізуде немесе әкімшілік мақсаттарда пайдалануға арналған ғимараттар қаржылық жағдай туралы есепте жинақталған өтемпұл мен құнсызданудан жинақталған залалдарды шегергендегі тарихи құны бойынша көрсетіледі.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

### Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

Бұл активтер бойынша өтемпұл олардың мақсаты бойынша пайдалануға дайын болған кезде басталады. Ғимараттар бойынша өтемпұл тік желілік әдістің негізінде пайда немесе залалда танылады.

Құралдар мен өзге де негізгі құралдар жинақталған өтемпұл мен құнсызданудан болған жинақталған залалдарды шегергендегі өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Өтемпұл негізгі құралдардың нақты құнын шығару үшін пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде қалдық құнын біркелкі шегеріп тастаумен есепке алынады.

Пайдалы қызмет ету мерзімі, баланстық құн және өтемпұлды есептеу әдісі әрбір есептік кезеңнің соңында талданады, бұл ретте барлық өзгерістер бағалауда келесі жылдық мөлшерлемелер бойынша салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарамастан көрсетіледі:

Көлік құралдары	10%
Кеңсе техникасы	20%
Серверлер және ақпарат қоймалары	20%
Басқа	10%

Жалға алынған мүліктің күрделі шығындары жалгерлік мерзімі ішінде амортизацияланады.

Негізгі құралдар объектісін есептен шығару активті одан әрі пайдаланудан болашақта экономикалық пайда күтпеген жағдайда тоқтатылады. Негізгі құралдар объектісін сатудан немесе өзге де шығудан туындайтын пайда немесе залал сату бағасы мен осы активтердің баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады және пайда немесе залалда танылады.

### Материалдық емес активтер

Жеке мәміле шеңберінде сатып алынған түпкілікті пайдалы қызмет мерзімі бар материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдарды шегергендегі өзіндік құны бойынша есепке алынады. Амортизация олардың пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде біркелкі әдіспен есепке алынады. Пайдалы қызмет ету мерзімі мен амортизациялық есептеу әдісі әрбір есептік кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалалудағы барлық өзгерістер есептілікте салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарамастан көрсетіледі. Бөлек мәміле шеңберінде сатып алынған қызмет мерзімі анықталмаған материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған шығындар шегерілген нақты шығын бойынша есепке алынады. Материалдық емес активтер бойынша амортизацияның жылдық мөлшерлемелерін басшылық 10%-дан 100%-ға дейінгі аралықта қабылдады.

### Материалдық емес активтерді есептен шығару

Материалдық емес активті есептен шығару кезінде немесе оны пайдаланудан немесе шығарудан болашақта экономикалық пайда күтпеген жағдайда тоқтатылады. Материалдық емес активті шығарудан түскен пайда немесе залал, бұл шығарудан түскен таза түсім мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық шығару кезіндегі пайдаға немесе шығынға қосылады.

# «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

## Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы) 2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін (Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

---

### Жалгерлік

#### Топ жалға алушы ретінде

Компания жалға алушы ретінде әрекет еткенде, жалгерлік шарттарын есепке алу құқық моделін қолдана отырып жүзеге асырылады:

- (а) Қаржылық жағдай туралы есепте пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен жалгерлік бойынша міндеттемелерді таниды;
- (ә) Пайда немесе залал туралы есепте пайдалану құқығы нысанындағы активтер амортизациясын және жалгерлік міндеттемелері бойынша пайыздарды таниды;
- (б) Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте негізгі бөлікті өтеуге (қаржы қызметінде ұсынылған) және пайыздарға (операциялық қызметте ұсынылған) бағытталған ақша қаражатының жалпы сомасын бөледі.

Пайдалану құқығы нысанындағы актив бастапқыда бастапқы құны бойынша бағаланады және кейіннен жалгерлік міндеттемесін кез келген қайта бағалау үшін түзетілген жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі өзіндік құн бойынша бағаланады (белгілі 1 ерекшеліктердің болуымен). Жалгерлік бойынша міндеттемелер бастапқыда сол күні төленбеген жалгерлік төлемдерінің дисконтталған құны бойынша өлшенеді. Кейіннен жалгерлік бойынша міндеттеме пайыздар мен жалгерлік төлемдеріне, сондай-ақ жалгерліктегі өзгерістердің әсері, т.б. үшін түзетіледі.

Пайдалану құқығы моделі қысқа мерзімді жалгерлік (жалгерлік мерзімі 12 ай немесе одан аз), сондай ақ активтер құны төмен (планшет пен дербес компьютерлер, кеңсе жиназының шағын заттары мен телефондар секілді) шарттарға қолданылмайды. Мұндай жалгерлік бойынша жалгерлік төлемдері шығыс ретінде біркелкі танылады және пайда немесе залал туралы есепте «өзге де шығыстар» құрамында көрсетіледі.

### Салық салу

Табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салық сомасын білдіреді.

#### Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы салықтың сомасы жыл ішіндегі салық салынатын пайдаға қарай анықталады. Салық салуға дейінгі пайда басқа жылдардағы салық салынатын немесе шегерілетін кірістер немесе шығыстар баптары мен ешқашан салық салынбайтын немесе шегерілмейтін баптарға байланысты пайда немесе залал туралы есепте көрсетілген таза пайдадан ерекшеленеді. Ағымдағы салық бойынша шығындар заңмен есепті кезеңнің соңына дейін енгізілген салық мөлшерлемесін пайдалана отырып есептеледі.

#### Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған табыс салығы қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын пайданы есептеу кезінде пайдаланылған тиісті салық деректері арасындағы уақыттық айырмашылықтар бойынша танылады. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері әдетте барлық салық салынатын уақыттық айырмашылықтар үшін танылады. Кейінге қалдырылған салық активтері, әдетте, осы шегерілетін уақыттық айырмашылықтар пайдаланылуы мүмкін салық салынатын пайданың болуы ықтимал болатын дәрежеде барлық шегерілетін уақыттық айырмашылықтарды көрсетеді. Салық активтері мен міндеттемелер, егер уақытша айырмашылық салық салынатын пайдаға да, бухгалтерлік пайдаға да әсер етпейтін операциядағы активтер мен міндеттемелерді бастапқы танудан (бизнесі біріктіру мәмілелерінен басқа) туындаса, қаржылық есептілікте көрсетілмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады және активтің толық немесе 1 бөлігін пайдалану үшін жеткілікті салық салынатын пайданың ықтималдылығы болса, бұдан әрі жоғары болып табылмайды.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтері есепті күнге заңмен бекітілген немесе іс жүзінде бекітілген дерлік салық салу мөлшерлемесін (сондай ақ салық заңнамасының ережелерін) пайдалана отырып есептеледі және болжанғандай салық активінің іске асырылу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде күшінде болады.



## **«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы**

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтерін бағалау Топ есепті кезеңнің соңындағы жағдайы бойынша оның активтері мен міндеттемелерінің теңгерімдік құнын өтеу немесе жабу тәсілдеріне қатысты салық салдарын көрсетеді.

### **Жылдағы ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы**

Ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы, олар басқа жиынтық кірісте немесе тікелей капиталда танылатын баптарға жататын жағдайларды қоспағанда, пайдада немесе залалда танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салық тиісінше басқа жиынтық кірісте немесе тиісінше тікелей капиталда танылады.

### **Операциялық салықтар**

Қазақстанда Топ қызметіне қатысты қолданылатын түрлі салықты есептеу және төлеу бойынша талаптар бар. Бұл салықтар пайда немесе залал туралы есепте операциялық шығыстардың құрамында көрсетіледі.

## **«Фридом Финанс» акционерлік қоғамы**

**Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)**

### **Шығарылған борыштық бағалы қағаздар және тәртіптелген қарыз**

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар және тәртіптелген қарыз Топтың өтелмеген облигациялары немесе ағымдағы шоттар, клиенттер шоттары және несиелік мекемелер сияқты қағидаттарға сәйкес есепке алынатын басқа қарыздармен ұсынылған. Міндеттемелерді шығару құнын шегеріп тастағандағы алынған сомалар мен өтелетін сома арасындағы кез келген айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, қарыз алу кезеңіндегі пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте танылады.

### **РЕПО келісімдері және бағалы қағаздар бойынша РЕПО кері сатып алу келісімдері**

Өз қызметінің барысында Компания сату және кері сатып алу келісімдерін (бұдан әрі-«РЕПО»), сондай ақ қаржылық активтерді сатып алу және кері сату шарттарын (бұдан әрі-«РЕПО кері сатып алу шарттары») жасайды. РЕПО және кері сатып алу РЕПО операцияларын Топ өтелімдікті басқару құралдарының бірі ретінде пайдаланады.

РЕПО мәмілелері дегеніміз 1 мезгілде айырбасталған ақшалай қаражатқа немесе басқа сыйақыға және пайыздарға тең сомаға қаржылық активтерді болашақта қайта сатып алу жөніндегі ілеспе міндеттемемен ақша қаражатына немесе басқа сыйақыға айырбас ретінде қаржы активін басқа тарапқа беру туралы келісім болып табылады. РЕПО шарттары бойынша операциялар есепте қаржыландыру операциялары ретінде көрсетіледі. РЕПО бойынша сатылған қаржылық активтер қаржылық есептілікте сақталады және осы шарттар бойынша алынған сыйақы РЕПО ретінде алынған активтер кепілімен қамтамасыз етілген депозит ретінде көрсетіледі.

Кері РЕПО шарттары бойынша сатып алынған активтер қаржылық есептілікте бағалы қағаздармен және басқа да активтермен қамтамасыз етілген депозитке орналастырылған қаражат ретінде көрсетіледі және ақша қаражаттары мен олардың баламалары немесе банктердегі қаражат ретінде жіктеледі.

Компания құнды қағаздар бойынша РЕПО шарттарын және бағалы қағаздармен қарыздар мәмілелерін жасайды, олар бойынша қалыпты нарық тәжірибесіне сәйкес қамтамасыз етуді алады немесе береді. Қазақстан Республикасындағы кері сатып алу операцияларының стандартты шарттарына сәйкес қамтамасыз етуді алушы мәміле бойынша есеп айырысу бойынша балама бағалы қағаздарды қайтарған жағдайда кепілді сатуға немесе қайта кепілге беруге құқылы.

Бағалы қағаздарды контрагенттерге беру, егер меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайдалар да ауысқан жағдайда ғана қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

---

### Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері және несиелік мекемелердің қаражаттары

Ағымдағы шоттар мен клиенттерден түскен депозиттер және несиелік ұйымдарға тиесілі сомалар бастапқыда мәміле бойынша тікелей байланысты шығындарды шегеріп тастағандағы алынған сыйақының әділ құны бойынша танылады. Кейіннен алынған қаражат амортизацияланған құн бойынша есепке алынады және алынған таза сома мен өтеу кезіндегі сома арасындағы сәйкес айырма тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, қарыз алу мерзімі ішінде пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Егер Топ өз берешегін сатып алса, ол қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен шығарылады және міндеттеменің баланстық құны мен операция бойынша төленген өтемақы арасындағы айырма пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

### Акционерлік капитал

Акционерлік капиталға салымдар енгізілген активтердің әділ құны бойынша танылады.

Қарапайым акциялар бойынша дивидендтер олар жарияланған кезеңдегі меншікті қаражаттың азаюы ретінде капиталда көрсетіледі. Есепті күннен кейін жарияланған дивидендтер 10 ХҚЕС (IAS 10) «*Есепті күннен кейінгі оқиғалар*» («ХҚЕС (IAS) 10») сәйкес есептік күннен кейінгі оқиға ретінде қарастырылады және олар туралы ақпарат тиісінше ашылады.

### Зейнетақы және төлемдер бойынша өзге де міндеттемелер

Қомпаниядаа Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесінен жұмыс берушінің ағымдағы жалпы жалақы төлемдерінен пайызбен есептелген ағымдағы жарналарды талап ететін зейнетақымен қамсыздандыру қосымша тәсімі жоқ. Мұндай шығындар тиісті жалақы жататын кезеңде көрсетіледі. Сонымен қатар, зейнетақымен қамтамасыз ету тәсімі және Топтың еңбек қызметін тоқтатқаннан кейін қызметкерлерге есептеуді талап ететін басқа да айтарлықтай сыйақылары жоқ.

### Шартты міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ есеп айырысу бойынша ықтималды болмаса, шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады. Шартты актив қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайданың түсуі ықтимал болған кезде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

### Фидуциарлық қызмет

Компания өз клиенттеріне мүлкті сенімгерлік басқару қызметін көрсетеді. Компания сондай-ақ өз клиенттеріне депо шоттары бойынша бағалы қағаздармен операцияларды қамтитын депозитарлық қызметтерді көрсетеді. Қабылданған активтер мен сенімгерлік қызмет бойынша туындаған міндеттемелер Компанияның қаржылық есептілігіне енгізілмейді. Топосы қызмет бойынша операциялық тәуекелді өзіне қабылдайды, бірақ мұндай операцияларға байланысты несиелік және нарықтық тәуекелдерді Компанияның клиенттері көтереді. Сенімгерлікпен басқару қызметтерін көрсетуден түскен кірістер көрсетілген қызметті көрсету сәтінде танылады.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

### Шетел валютасы

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде Топтың функционалдық валютасынан («шетелдік валюталар») басқа валюталардағы операциялар мәмілелер жасалған күнгі қолданыстағы валюта бағамдары бойынша көрсетіледі. Шетел валютасында көрсетілген ақша баптары есептілікті жасаған күнгі сәйкес келетін бағамдар бойынша қайта есептеледі. ПЗӘҚБ бойынша бағаланатын қаржылық активтер үшін бағамдық айырмашылықтар пайда немесе залал туралы есепте «шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайдада/(шығында)» танылады.

Шетел валютасында көрсетілген әділ құн бойынша есепке алынатын ақшалай емес баптар әділ құн анықталған күнгі қолданыстағы бағамдар бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасындағы тарихи құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар қайта есептелмейді.

Валюта бағаманың згеруі нәижеінде ақша баптары бойынша бағамдық айырмашылықтар олар пайда болған кезеңдегі пайдада немесе шығында танылады.

Жыл аяғындағы қаржылық есептілікті жасау кезінде Топ пайдаланған валюта бағамдары төменде келтірілген:

	31 желтоқсан 2020 жыл	31 желтоқсан 2019 жыл
теңге/1 АҚШ доллары		420.91 382.59
Теңге/1 еуро		516.79 429
Теңге / 1 Ресей рублі		5.62 6.16
теңге/1 қырғыз сомы		5.09 5.49

### 3. Маңызды болжамдар және бағалаулардағы белгісіздік көздері

Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде Топ басшылығы активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына қатысты басқа көздерден анық көрінбейтін пайымдаулар, бағалаулар мен жорамалдар жасауға міндетті. Бағалаулар мен байланысты жорамалдар тарихи тәжірибеге және маңызды деп саналатын басқа факторларға негізделген. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалаулар мен негізгі жорамалдар тұрақты негізде қаралады. Бағалауларға түзетулер, егер қайта қарау тек осы кезеңге қатысты болса, бағалау қайта қаралған кезеңде немесе егер қайта қарау ағымдағы және болашақ кезеңдерге әсер етсе, қайта қарау кезеңінде және болашақ кезеңдерде танылады.

#### **Бағалаудағы белгісіздіктің негізгі көздері**

Келесі қаржылық жыл ішінде активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құнына елеулі түзетулер енгізуге алып к50дің айтарлықтай ықтималдығы бар болашаққа қатысты негізгі болжамдар және есепті кезеңнің соңындағы бағалау белгісіздігінің басқа да негізгі көздері төменде келтірілген.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

---

### Қаржы құралдарын бағалау

30-ескертпеде сипатталғандай, Топ қаржылық құралдардың кейбір түрлерінің әділ құнын бағалау үшін бақыланатын нарықтық күнге негізделмеген бастапқы мәліметтерді қамтитын бағалау әдістерін пайдаланады. 30-ескертпеде қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылатын негізгі жорамалдар туралы толық ақпарат, сондай-ақ осы жорамалдарға қатысты сезімталдықтың егжей-тегжейлі талдауы келтірілген.

Топ басшылығының пікірінше, таңдалған бағалау әдістері мен пайдаланылған жорамалдар қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін орынды деп саналады.

### Бизнес моделін бағалау

Қаржылық активтерді жіктеу және бағалау негізгі борыш пен пайыздарды төлеу нәтижелеріне және бизнес-модельді тестілеу нәтижелеріне байланысты. Топ пайдаланатын бизнес-модель белгілі 1 бизнес мақсатына жету үшін топтастырылған қаржы активтерінің қалай басқарылатынын көрсететін деңгейде анықталады. Бұл бағалау барлық тиісті дәлелдемелерді, соның ішінде активтердің тиімділігін бағалау және өлшеу процесіне қатысты пайымдауды пайдалануды қамтиды; активтердің тиімділігіне әсер ететін тәуекелдер және осы тәуекелдерді басқару үдерісі, сондай-ақ активтерді басқарушылардың еңбекақысын төлеу тетігін қамтиды.

### Елеулі бухгалтерлік пайымдаулар

#### Несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуы

2-ескертпеде түсіндірілгендей, БНЗ шамасы 1-кезең активтері немесе 2-кезең немесе 3-кезең активтері үшін 12 ай шегіндегі күтілетін немесе 2 және 3 кезең активтері үшін барлық несиелік мерзімінің ішінде несиелік залалға тең бағалалу резервінің сомасында бағаланады. Несиелік тәуекел бастапқы танылғаннан кейін айтарлықтай өскен кезде актив 2-кезеңге өтеді. 9 ХҚЕС-те (IFRS) несиелік тәуекелдің елеулі артуының анықтамасы келтірілмейді. Жекелеген актив бойынша несиелік тәуекел өсуі елеулігін бағалау кезінде Компания негізделген және растала алатын сапалы және сандық болжалды ақпаратты ескереді.

Атап айтқанда, несиелік тәуекелдің бастапқы тану сәтінен бастап айтарлықтай өскенін бағалау кезінде келесі ақпарат ескеріледі:

- қаржы құралының сыртқы несиелік рейтингінің нақты немесе күтілетін айтарлықтай нашарлауы (бар болса);
- кәсіпкерлік, қаржылық немесе экономикалық жағдайларда борышкердің өзінің борыштық міндеттемелерін орындау қабілетінің айтарлықтай төмендеуіне әкелетін қолайсыз өзгерістердің болуы немесе болжануы;
- борышкердің өзінің борыштық міндеттемелерін орындау қабілетінің айтарлықтай төмендеуіне әкелетін борышкердің нормативтік, экономикалық немесе технологиялық ортасындағы нақты немесе күтілетін елеулі жағымсыз өзгерістер.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

### Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)

2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

#### **Ұқсас несиелік тәуекел сипаттамалары бар активтер топтарын анықтау**

Активтер тобы үшін БНЗ өлшенетін болса, қаржы құралдары тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде топтастырылады. Топ несиелік тәуекел сипаттамаларының ұқсастығын растау үшін тұрақты негізде мониторинг жүргізеді. Бұл несиелік тәуекел сипаттамалары өзгерген кезде активтердің дұрыс топтастырылуын қамтамасыз ету үшін қажет. Бұл жаңа портфельдерді құруға немесе активтерді тиісті активтер тобына қатысты несиелік тәуекелдің ұқсас сипаттамаларын тиімдірек көрсететін қолданыстағы портфельге ауыстыруға әк50і мүмкін. Портфельдерді қайта сегменттеу және портфельдер арасындағы активтерді аудару несиелік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы болған жағдайда (немесе мұндай елеулі өсу кері қайтарылған жағдайда) жиі орын алады. Нәтижесінде активтер несиелік шығындар негізінде бағаланатын портфельден шығарылады, өмір бойы күтілетін несиелік залалдар негізінде бағаланатын портфельге 12 ай ішінде күтіледі және керісінше. Аударымдар портфельдердің ішінде де мүмкін болады, олар кейін бірдей негізде өлшенеді (12 ай ішінде немесе несиенің қолданылу мерзімі ішінде күтілетін несиелік шығындар), бірақ портфельдің несиелік тәуекелі өзгерген сайын БНЗ сомасы өзгереді.

БНЗ шамасы ұжымдық түрде бағаланатын жағдайда, қаржылық құралдар жалпы тәуекел сипаттамалары негізінде топтастырылады, мысалы:

- құрал түрі;
- несиелік рейтинг;
- бастапқы тану күні;
- қалған өтеу мерзімі.

#### **Дефолт ықтималдығы**

Дефолт ықтималдығы БНЗ өлшеуінің негізгі кіріс параметрі болып табылады. Дефолт ықтималдығы – бұл есептелуі тарихи деректерді, болжамдар мен болашақ жағдайлардың күтулерін қамтитын берілген уақыт горизонты бойынша бағалау. Ол белгілі 1 уақыт кезеңі ретінде бағаланады. Есептеу статистикалық рейтинг үлгілерін пайдалануға негізделген, ал бағалау контрагенттер мен тәуекелдердің әртүрлі санаттарына бейімделген құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл статистикалық модельдер нарықтық деректерге (қол жетімді болған кезде), сондай-ақ сандық және сапалық факторларды ескеретін ішкі деректерге негізделген. Дефолт ықтималдығы шарт бойынша өтеу мерзімі мен күтілетін алдын ала төлем мөлшерлемесін ескере отырып бағаланады. Бағалау болашақ жағдайларға түзетілген ағымдағы шарттар негізінде жүзеге асырылады,

#### **Дефолт жағдайындағы шығындар**

Дефолт жағдайындағы залал дефолттан болатын шығынды бағалауды білдіреді. Ол шарт бойынша төленуі тиіс ақша ағындары мен несие берушінің кепілді қамтамасыз етуден түсетін ақша ағындарын және несиені интегралды жақсартуларды ескере отырып алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмашылыққа негізделген.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

### 4. Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолдану

#### Ағымдағы жылы күшіне енген жаңа және түзетілген ХҚЕС

2020 жылғы 1 қаңтарында Топ 1ҚХЕС ( IAS) және «Маңыздылықтың анықтамасы» 8 ҚХЕС (IAS), «Бизнестің анықтамасы» 3 ҚХЕС (IAS) түзетулерді және ХҚЕС стандарттарындағы тұжырымдамалық негіздерге сілтемелерге түзетулерді енгізді.

1 ҚХЕС (IAS) және 8 ҚХЕС (IAS) түзетулер материалдың анықтамасын түсіндіреді және Тұжырымдамалық негізде пайдаланылатын материалдың анықтамасын ХҚЕС анықтамасына сәйкес келтіреді. Түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.

3 ХҚЕС (IFRS) түзетулер қаржылық есептілікті дайындаушыға операцияны бизнесті біріктіру немесе активтерді сатып алу ретінде қарастыру қажеттігін анықтауға көмектесу үшін бизнес анықтамасын түсіндіреді. Түсіндірулер 2020 жылғы 1 қаңтарынан кейінгі бизнесті біріктіруге қатысты.

Түзетулерді енгізу Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

#### Жаңа және қайта қаралған, шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген ХҚЕС

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік бекітілген кезде Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген келесі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбаған:

1 ХҚЕС(IFRS) түзетулер (2010-2012 жылдар аралығындағы ХҚЕС(IFRS) жыл сайынғы жақсартуларды әзірлеу жобасының бөлігі ретінде).	«Міндеттемелердің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып жіктелуі» «Есептік саясат, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер мен қателер»	2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын кезеңдерге жарамды.
1 ХҚЕС (IAS) түзетулері және 2ХҚЕС (IFRS) практикалық ұсынымдар	Маңызды ережелерді ашып көрсету	2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын кезеңдерге жарамды.
ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS)39, ХҚЕС (IFRS) 7, 4ХҚЕС(IFRS), 16 ХҚЕС(IFRS) түзетулер) 3ХҚЕС (IFRS) түзетулер	«Базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау – 2 кезең»	2023 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын кезеңдерге жарамды.
16 ХҚЕС (IAS) түзетулер	«Бизнесті біріктіру» - «Тұжырымдамалық негізге сілтеме»	
37 ХҚЕС(IAС) түзетулер	«Негізгі құралдар» - «Болжалды пайдалануға дейінгі түсім» «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» - «Тиімсіз шарттар - келісім-шартты орындау құны» «Инвестор мен оның қауымдасқан немесе бірлескен ұйымы арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна жасау»	2021 жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын кезеңдерге жарамды.
10 ХҚЕС(IFRS) және 28ХҚЕС (IAS) түзетулер	ХҚЕС жыл сайын жақсартулар, 2018-2020 жж цикл	2022 жылдың 1 қаңтарынан басталатын кезеңдер үшін жарамды 2022 жылдың 1 қаңтарынан басталатын кезеңдер үшін жарамды

Топ жоғарыда аталған стандарттарды қолдану Топтың келесі кезеңдерде шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтпейді.

## «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер (жалғасы)  
2020 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін  
(Қазақстандық теңгемен мыңдармен)

### 5. Таза пайыздық кіріс/(шығын)

	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
<b>Пайыздық кірістер:</b>		
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	2,787,007	1,108,035
Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржы активтері	752,687	285,743
<b>Пайыздық кірістер жиыны</b>	<b>3,608,102</b>	<b>1,393,778</b>
<b>Амортизацияланған құны бойынша көрсетілген қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығындар:</b>		
РЕПО келісімдері бойынша міндеттемелер	(2,443,543)	(2,877,667)
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар	(404,401)	(679,049)
Жалгерлік бойынша міндеттемелер	(162,825)	(243,106)
<b>Пайыздық шығын жиыны</b>	<b>(2,992,378)</b>	<b>(3,799,822)</b>
<b>Таза пайыздық кіріс/(шығын)</b>	<b>509,316</b>	<b>(2,406,044)</b>

